



Автор: Малдыбева Уржан Шажанқызы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 9-класс

Бөлім: Мәліметтер қоры

Тақырып: Мәліметтер қорымен жұмыс

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.2.2.2 электронды кестеде мәліметтер қорын құру 9.2.2.3 мәліметтерді іздеуді, сұрыптау және сүзгілеуді жүзеге асыру
Сабақтың мақсаты:	- электронды кестеде мәліметтер қорын құру - мәліметтерді іздеуді, сұрыптау және сүзгілеуді жүзеге асыру
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология: <ul style="list-style-type: none">• Кесте-таблица-table• сұрыптау-сортировка- sorting,• іздеу-поиск- search,• сүзгілеу-фильтрация- filtering
Күтілетін нәтиже:	Электронды кестеде мәліметтер қорын құрады, мәліметтерді іздеуді, сұрыптау және сүзгілеуді біледі
Бағалау критерийлері:	Электрондық кестеде мәліметтерді қорын құру әдістерін анықтайды □ Электронды кестеде мәліметтер қорын құрастырады □ Мәлімет қорында сұрыптауды және сүзгілеуді жүзеге асырады
Құндылықтарды дарыту:	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; Қарым-қатынас жасау қабілеті; Жауапкершілік; өзгелердің мәдінетіне және көзқарастарына құрметпен қарау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/9-synyp/lesson/kestelik-procprocessor-komegimen-derekqor-dajyndau
Пәнаралық байланыс:	География, ағылшын тілі, орыс тілі
Бастапқы білім:	Деректер базасы, кесте өріс, жазба ақпараттарды іздеу туралы білімі бар.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	I. Ұйымдастыру кезеңі -Оқушылармен сәлемдесу, сыныпты түгендеу. -Ынтымақтастық атмосферасын құру. Оқушыларды сабаққа ынталандыру мақсатында психологиялық ахуал туғызу үшін «Жылы лебіз» әдісін қолданамыз. Оқушылар бір-біріне тілек айтады, бір-бірінің көңіл күйін көтереді. Топқа бөлу. Оқушыларды түстер арқылы 2 топқа бөлеміз. Мақсаты: бірлескен білім алу, өзара қарым-қатынас жасау. Топ «Сүзгі», «Сұрыптау» болып бөлінеді. -Қауіпсіздік ережелерін ескерту II. Алдыңғы білімдерін тексеру	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	<p>III. Жаңа тақырып. «Артығын алып таста» Оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын (сабақ тақырыбымен байланысты) көрсетіледі.. Олар қай сөз немесе сурет қалғандарына қатысты емес екенін анықтауы керек. Сөздер: Деректер,Қалам, Ұялы телефон, қорымен, жұмыс. Артық сөзді алып тастау арқылы сабақтың тақырыбын ашады. Мақсаты: жаңа тақырып бойынша теориялық білімдеріне бағдар беру. БЕЙНЕСАБАҚ. https://bilimland.kz сайты Мақсаты: жаңа тақырып бойынша теориялық білімдеріне еске түсіру. Ойлан Excel кестелік процессорында деректер базасын жасап, өңдеу бойынша алған білімді өмірде қалай қолдануға болады? Деректер базасымен жұмыс жасауда алған білімдеріңді күнделікті өмірде (үйде, мектепте, және т.б) қалай қолдануға болады деп ойлайсың? Нақты ұсыныстар, дәлеледі мысалдар келтір.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/9-synyp/lesson/kestelik-procressor-komegimen-dereqor-dajyndau</p>
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Мұғалім тарапынан «Мадақтау сөз» арқылы әр оқушы өзінің сабаққа қатысу деңгейіне сәйкес сөздермен және дескриптор арқылы бағаланады.</p>	<p>https://quizlet.com/462276992/flashcards</p>
Рефлексия (3 минут)	<p>«Ашық микрофон» әдісі 1. Сабақтан қандай әсер алдыңдар? 2. Сабақта өзіне не ұнады? 3. Мен үшін қиын болды?</p>	